



Өр адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі – білім мен болашақ мансабын таңдауға қатысты шешім қабылдау. Бұл шешім мұқият ойластырылған және теңгерімді көзқарасты талап етеді, себебі ол адамның кәсіби болашағын айқындайды. Университетте білім алу – бұл тек жаңа білім мен дағдыларды игеру ғана емес, сонымен қатар өз мүмкіндіктеріңізді толық ашуға жол ашатын үлкен мүмкіндік.

Университетте оқу, ең алдымен, сіздің таңдаған салаңыз бойынша терең білім алуға мүмкіндік береді. Бұл білім еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуға және кең мансаптық перспективаларға жол ашуға ықпал етеді. Теориялық білімді игеру – бұл тек академиялық табыстың негізі емес, сонымен қатар кәсіби дамуыңызды алғышарты.

Университетте оқу – тек оқулықтармен шектеліп қалмай, нақты практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған процесс. Өртүрлі жобаларға қатысу, топтық жұмыстар, нақты жағдайлар мен мәселелерді шешу студенттерге заманауи әлемде қажетті өмбебап дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибелер болашақ кәсіби өмірде аса маңызды рөл атқаратын дағдыларды қалыптастырады.

Университет студенттері үшін әр түрлі адамдармен, болашақ әріптестермен және достармен кездесуге тамаша мүмкіндік болып табылады. Бұл әлеуметтік байланыстар, өз кезегінде, болашақ мансаптың негізі мен жеке өміріңіз үшін маңызды ресурс бола алады. Университетте оқып жүріп, көптеген жаңа адамдармен танысып, олармен болашақта кәсіби салада тығыз байланыс орнатуға болады.

Университет студенттерге ғылыми жобаларға қатысу

Білімді таңдау – табысты болашаққа апаратын жол!

мүмкіндігін ұсынады. Бұл тек білімін тереңдетуге емес, сонымен бірге ғылым мен технологияға өз үлесіңізді қосуға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулерге қатысу, жаңа идеялар мен шешімдер ұсыну – бұл сіздің кәсіби дамуыңыз бен қоғамға деген жауапкершілігіңіздің айқын көрінісі болады.

Университетте оқу өлемдік мәдениетке енуге мүмкіндік береді, тәжірибені байытып, ой-өрісін кеңейтетін тәжірибе алмасу бағдарламалары мен шетелде тағлымдамадан өтуді ұсынады.

Университетте оқу тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар өз болашағыңызға салынған инвестиция болып табылады. Білім – бұл өзіңізді дамыту, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу, өзіңізді таныту үшін тиімді құрал. Болашақта табысты болу үшін жасалған бұл қадам сізге үлкен жетістіктер әкеледі.

Құрметті талапкерлер, сіздерді Ж.А.Ташенев атындағы университетте білім алуға шақырамыз! Мұнда сіздер жоғары деңгейдегі академиялық бағдарламалармен, тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамымен, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби дамуға арналған бірегей мүмкіндіктермен танысасыздар. Бұл университетте оқу сіздің болашағыңызға бағытталған маңызды қадам болмақ.

Ж.А.Ташенев атындағы университет заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын ұсынады. Бұл бағдарламалар түрлі салалардағы соңғы трендтер мен өзгерістерді ескере отырып жасалған және сіздің болашақ маман ретінде кәсіби даму жолыңызды айқындайды. Университетте білім беру өз саласының білгірлері – біліктілігі жоғары профессор-оқытушылардың жетекшілігімен жүргізіледі. Олар сіздің білім алу жолыңызда қолдау көрсетіп, кәсіби тәжірибелерімен бөліседі, ері өз әлеуетіңізді ашуға көмектеседі.

Университет заманауи оқу дәрісханалармен, зертханалармен және кітапханалармен жабдықталған. Бұл оқу мен зерттеуге қолайлы жағдай жасайды. Оқу орны практикалық дағдыларға үлкен мән береді. Білім алушылар жобаларға қатысады, табысты компанияларда тағлымдамадан өтеді және оқу кезінде нақты жұмыс тәжірибесін алады.

Ж.А.Ташенев атындағы университетінің «Экономика және басқару» кафедрасы студенттерге бизнес, басқару және құқық салаларындағы заманауи білім мен дағдыларды меңгертуге бағытталған түрлі білім беру бағдарламаларын

БАКИРОВ Ержан Амангелдиевич,
Ж.А.Ташенев университетінің «Экономика және басқару» кафедрасының меңгерушісі,
экономика ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы.

Глава 10. Общие положения и разрешение споров

41. В случае какого-либо спора или разногласия, возникшего по какому-либо положению Договора или в целом, или в связи с каким-либо вопросом или действием в отношении положений Договора, любая из Сторон вправе направить другой стороне претензию с полным изложением сущности спора.

Стороны предпринимают все усилия для урегулирования всех споров путем переговоров.

42. В случае не достижения согласия все споры и разногласия по Договору разрешаются в судах по месту нахождения ответчика.

Стороны имеют право расторгнуть Договор в иных случаях предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

43. Отношения Сторон, вытекающие из Договора и не урегулированные им, регулируются действующим законодательством Республики Казахстан.

44. Договор составляется в двух экземплярах на казахском и русском языках по одному экземпляру для каждой Стороны.

45. По соглашению Сторон Договор может быть дополнен другими условиями, не противоречащими типовому Договору и законодательству Республики Казахстан.

Договор для государственных учреждений, финансируемых из государственного бюджета, регистрируется в территориальных органах казначейства Министерства финансов Республики Казахстан, и вступает в силу со дня его регистрации.

Глава 11. Срок действия Договора

46. Договор вступает в силу с 00:00 часов (по времени города Астана) 1-января 2024 года и действует до 24:00 часов 31-декабря 2028 года.

47. Срок действия Договора продлевается на определенный срок с уточнением объема передаваемых услуги, если одна из сторон заявит об этом за тридцать календарных дней до окончания срока действия Договора. Продление срока договора оформляется дополнительным соглашением к Договору. При отсутствии заявления одной из сторон о прекращении или изменении договора по окончании срока, он считается продленным на тот же срок и на тех же условиях, какие были предусмотрены договором.

Глава 12. Реквизиты Сторон

Поставщик:	Потребитель:
ГКП «Байдибек Су» на праве хозяйственного ведения Акимата района Байдибек	
БИН/ИИН 71240004738	
ИИК Kz926010291000056094	
БИК HSBKZKX	
АО «Народный Банк Казахстана» 290300	
КБЕ-16, КНП-710	
Адрес: с. Шаян, ул. Молдагулова 9, тел. 2-14-85	
Директор _____	Ш.Б.Мунашов

Жалғасы. Басы 2-3-4-5-беттерде!

10-таруу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

41. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың көз келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

42. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

43. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

44. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

45. Тараптардың келісімі бойынша Шарт Үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

11-таруу. Шарттың қолданылу мерзімі

46. Шарт 2024 жылғы 1-қаңтар сағат 00:00-ден (Астана қаласының уақыты бойынша) бастап күшіне енеді және 2028 жылғы 31-желтоқсан сағат 24:00-ге дейін қолданылады.

47. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, көрсетілген қызметтерді ұсыну көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінші мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы етініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

12-таруу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: Бейдібек ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқындағы «Бейдібек Су» МКК	Тұтынушы
БИН 071240004738	
ИИК Kz926010291000056094	
БИК HSBKZKX	
Қазақстан Халық Банкі» АҚ 290300	
КБЕ-16 КНП 710	
Мекен-жай: Шаян ауылы, Молдагулова №9	
Телефон 2-14-85	
Директор _____	Ш.Б.Мунашов

Мемшік иесі - "Alғabas" газеті ЖШС	Директор-редактор ӘДІЛБЕКОВ Ералп Абзалұлы.	Байланыс телефондары: редактор - 77-022, тілші - 2-17-16.	Материалдар "Alғabas" газеті редакциясындағы компьютер орталығында беттеліп, "ЕРНУР-принг" жауапкершілік шектеулі серіктестігінің баспаханасында дамын үлгіде офсеттік тәсілмен басылды	Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген.	ИНДЕКС: 66831, жылына 52 рет шығады. Баспахананың мекенжайы Шымкент қаласы, Т.Елмүлінов көшесі, №22 үй, тапсырыс №84
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 24 шілдеде тіркеліп, №17213-Г куәлігі берілген.	Біздің электронды поштамыз: e-mail: algabas-shayan@mail.ru	МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 160200, Шаян ауылы, Т.Тасболтаулы көшесі, №1 үй.	Беттеуші: Мария БҰРХАНБЕКҚЫЗЫ.	Корректор: Айнур СЕЙЛОВА.	Таралу аймағы: Бейдібек ауданы. Таралымы 3050



“Шаян колхозшылары”
1935-1939 ж.ж.

“Социалистік колхоз”
1939-1961 ж.ж.

“Коммунистік еңбек”
1961-1962 ж.ж.

1965 жылдан
“Алғабас”
“Alғabas”

“АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БІР ЖЫЛДА 154 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ



Түркістан облысында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша инфрақұрылымды жақсарту, әлеуметтік нысандармен қамту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

2024 жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 182 елді мекенде 213 жобаны іске асыруға бюджеттен жалпы 30,1 млрд. теңге бөлінді. Оның 57-сі өтпелі, 156-сы – жаңа жобалар. Бір жылда 154 жоба жүзеге асырылып, қаржының 99,2 пайызы игерілген.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасына қатысты жоспарлар мен мәселелер облыс әкімдігінде талқыланды. Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеров жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар берді.

– Аудан, қала әкімдері мен жауапты басқарма басшылары «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстарын уақтылы өткізіп, жұмысты үйлестіруі керек. Нысандардың құрылысы жылдам басталып, уақтылы аяқталуы тиіс. Осыған мән беріңіздер. Кемшілікке жол бергендердің қызметтік жауапкершілігі қаралады. Аталған жоба бойынша әр аудан әкімінің екі-үш жылға арналған жоспары әзірленуі қажет. Ауылдар мен елді мекендер зерделеніп, халыққа аса қажетті әрі өмір сапасына тікелей әсер ететін жобалар жүзеге асырылсын, – деген Нұрлан Көшеров жұмысты дұрыс үйлестіре алмаған әкімдердің есептерін тыңдап, тиісті міндеттер жүктеді.

Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қанат Қайыпбектің айтуынша, 2024 жылы атқарылған жұмыстар нәтижесінде «Ауыл – Ел бесігі» жобасы арқылы 4 мәдениет үйі, 4 спорт нысаны, 1 мектептің қосымша оқу корпусы салынса, 20 электр мен жабдықтау, 12 газбен қамтамасыз ету нысанының құрылыс жұмыстары жүргізілген. Оған қоса 4 мектеп, 4 мәдениет үйі, 3 ауыз су нысаны күрделі жөндеуден өткен. Сондай-ақ жол жөндеу саласында 102 жоба іске асырылып, 339 ішкі көше (330 шақырым) орташа жөндеуден өткізілген. Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 1,5 мыңнан аса жұмыс орны құрылған.

2025 жылы 139 жобаны (85 жаңа жоба, 54 өтпелі) іске асыруға бюджеттен қаржы бөлу жоспарланды. Жобаларды іске асыру барысында мыңнан аса жаңа жұмыс орнын (250 тұрақты, 833 уақытша) ашу кезделген.

2025 жылға 85 жаңа жобаларды іске асыруға 13,3 млрд. теңге қарастырылмақ. Нәтижесінде 503,9 мың халық тұратын 140 елді мекендегі әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысандардың жағдайы жақсарды.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

“Alғabas” қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

2025 жылдың I жарты жылдығына жазылу бағасы: “Ернұр-пресс” құрылымында - 3168 теңге; “Қазпошта” мекемесінде - 3157 теңге 26 тын. Редакциядан жазылатындар үшін - 3000 теңге.



Индекс: 66831

Жас мұраты - білім, тәлім, талабы, Өнер оқу - жастың қару-жарағы.

Илияс Жансүгіров.



Бейдібек аудандық қоғамдық-саяси апталық газет

№3 (9578) жұма 17 қаңтар 2025 жыл

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ АУДАНДЫ АРАЛАУДА

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақжожаев Анас Ахатұлы Бейдібек ауданына жасаған жұмыс сапары барысында ауылшаруашылығы мамандарымен, шаруа қожалықтардың төрағаларымен және фермерлермен кездесті.

Кездесу барысында ауылшаруашылығы саласындағы маңызды мәселелер көтеріліп, олардың шешу жолдары талқыланды.



Аудан әкімі Ерлан Нұрмаханов мәжіліс депутатына аудандағы аграрлық секторды дамытуға арналған негізгі жобалар мен атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырып, ауылшаруашылығындағы жаңа технологияларды өнгізу, егіс алқаптарын ұлғайту, мал басын көбейту және балықшаруашылығын жетілдіру бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларды айтып берді. Сондай-ақ, саланы дамытудағы негізгі мәселелер мен оларды шешудің жолдарына тоқталды.

Жыын барысында мәжіліс депутаты фермерлер мен шаруа қожалықтарының субсидиялау, техникамен қамтамасыз ету, суармалы жерлерді тиімді пайдалану және өнімді өткізу жолдарына байланысты ұсыныстарына жауап берді. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары туралы шараларға да ақпарат беріп, осы бағытта алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға тоқталып, айтылған ұсыныстарға республикалық деңгейде қолдау көрсету үшін дайын екенін жеткізді.

Бұл кездесу ауылшаруашылығы саласын дамытуға арналған пікір алмасу алаңына айналып, саланың өзекті мәселелерін бірлесіп шешуге бағытталған маңызды шара болды.

Бейдібек ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Шаян ауылдық округі әкіміне кандидаттар мен сенім білдірілген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесі

К/с	Кездесу өтетін орын	Өтетін мерзімі
1	Аудандық мәдениет үйі	08.01.2025
2	Жастар орталығы	20.01.2025
3	О.Тайманов атындағы өнер және саз мектебі	24.01.2025

Бейдібек аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

“ШАЯН” тәуелсіз апталық газетіне жазылу жалғасуда

2025 жылдың I жарты жылдығына жазылу бағасы: “Ернұр-пресс” арқылы - 3168 теңге; “Қазпошта” арқылы - 3157 теңге 26 тын. Редакциядан жазылатындар үшін - 3000 теңге.



Біздің индекс: 65737